

1 Деңгей-жеңіл

1. Адамның қоршаған ортаға әсері:
 - A) Абиотикалық
 - B) Антропогенді
 - C) Биотикалық
 - D) Кешендік
 - E) Әмбебаптық

2. Ылғалдылық және температура келесі факторға жатады:
 - A) Абиотикалық
 - B) Антропогенді
 - C) Биотикалық
 - D) Кешендік
 - E) Әмбебаптық

3. Шөпқоректілердің негізгі қорек көзі:
 - A) Өсімдік
 - B) Ағзалардың өлі қалдықтары
 - C) Бактериялар мен саңырауқұлақтар
 - D) Вирустар
 - E) Сүтқоректілер

4. Ядролары жоқ ағзалар:
 - A) Өсімдіктер
 - B) Бактериялар
 - C) Саңырауқұлақтар
 - D) Жануарлар
 - E) Бунақденелілер

5. Жасушалардың энергетикалық станциялары:
 - A) Лизосомалар
 - B) Рибосомалар
 - C) Митохондриялар
 - D) Эндоплазматикалық тор
 - E) Гольджи аппараты

6. Орталық вакуолы бар ағза:
 - A) Жануарлар
 - B) Өсімдіктер
 - C) Вирустар
 - D) Қарапайымдылар
 - E) Сүтқоректілер

7. Өсімдік ұлпасы:

- A) Эпителий
- B) Дәнекер
- C) Бұлшықет
- D) Жүйке
- E) Жабындық

8. Жүйке ұлпасының негізгі жасушалары келесідей аталады:

- A) Миоцит
- B) Нейрон
- C) Синапс
- D) Ядро
- E) Глия

9. Екіншілік сукцессия мысалы болып келесі саналады:

- A) Жаңа экожүйедегі қыналар
- B) Өрттен кейінгі орман
- C) Қалың орман маңындағы шөп
- D) Таулар
- E) Мүктер

10. Жердегі тірі ағзалар қабықшасы:

- A) Литосфера
- B) Атмосфера
- C) Гидросфера
- D) Биосфера
- E) Экожүйе

11. Жануарлардың, адамдардың және саңырауқұлақтардың негізгі жинақтаушы көмірсулары:

- A) Крахмал
- B) Целлюлоза
- C) Глюкоза
- D) Липидтер, майлар
- E) Гликоген

12. Өсімдіктердегі негізгі құрылымдық көмірсулар:

- A) Крахмал
- B) Целлюлоза
- C) Глюкоза
- D) Липидтер, майлар

Е) Гликоген

13. Өте ұсақ жасушасыз тіршілік формалары:

- А) Бактериялар
- В) Вирустар
- С) Саңырауқұлақтар
- Д) Өсімдіктер
- Е) Жануарлар

14. Ішекқуыстыларға келесілер жатады:

- А) Маржандар
- В) Нематодалар
- С) Планариялар
- Д) Сегізаяқтылар
- Е) Ұлулар

15. Көмірсуларды келесідей атауға болады:

- А) Майлар
- В) Гликоген
- С) Қант
- Д) Ақуыз
- Е) Этилен

16. Жас ағзаның дамып жетілуіне ең қажетті зат:

- А) Тұз
- В) Көмірсу
- С) Ақуыз
- Д) Май
- Е) Глюкоза

17. Қанның ұю процесіне қатысады:

- А) Актин
- В) Миозин
- С) Гемоглобин
- Д) Инсулин
- Е) Фибриноген

18. Ең көп таралған қан тобы:

- А) Барлық қан топтары бірдей таралған
- В) I топ
- С) II топ
- Д) III топ

Е) IV топ

19. Адамның жүрегі келесі бөлімдерден тұрады:

- A) 2 бөлім
- B) 3 бөлім
- C) 4 бөлім
- D) 5 бөлім
- E) 6 бөлім

20. Қан қысымының көтерілуі:

- A) Гипертония
- B) Гипотония
- C) Инсульт
- D) Тахикардия
- E) Тромбоз

2 Деңгей-орташа

21. Қарапайым көмірсулар келесідей аталады:

- A) Дисахаридтер
- B) Полисахаридтер
- C) Моносахаридтер
- D) Гликоген
- E) Крахмал

22. Бактерия жасуша қабырғасының тірек полимері:

- A) Хитин
- B) Крахмал
- C) Гликоген
- D) Муреин
- E) Целлюлоза

23. Суды жұқтырмайтын қасиеті бар, май тәрізді заттар тобы:

- A) Крахмал
- B) Балауыз
- C) Майлы қышқылдар
- D) Глицерин
- E) Майлар

24. Ағзадағы физиологиялық процестерді реттеушілер болып табылады:

- A) Ферменттер
- B) Ақуыздар
- C) Гормондар
- D) Майлар
- E) Гемоглобин

25. Жоғары сатыдағы өсімдіктерге жатпайды:

- A) Ағаштар
- B) Ашықтұқымдылар
- C) Жабықтұқымдылар
- D) Бұталы өсімдіктер
- E) Балдырлар

26. Кейбір мүктерде тамырдың қызметін атқарады:

- A) Денешік
- B) Ризоидтар
- C) Споралар

- D) Тамыр сабақ
- E) Өскіндер

27. Қан тамырлары мен жүйкелерден тұратын тістің жұмсақ бөлігі:

- A) Тіс сауыты (коронка)
- B) Пульпа
- C) Дентин
- D) Тіс жегісі
- E) Эмаль

28. Ұйқы безі қанға келесі гормонды шығарады:

- A) Тироксин
- B) Трипсин
- C) Инсулин
- D) Амилаза
- E) Адреналин

29. B1 витаминінің жетіспеушілігінен келесі қауіпті ауру пайда болады:

- A) Анемия
- B) Цинга
- C) Рахит
- D) Бери-бери
- E) Дерматит

30. Ағзаның өз көрсеткіштерін және ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау мүмкіндігі:

- A) Регуляция
- B) Стимуляция
- C) Гомеостаз
- D) Баланс
- E) Метаболизм

31. Қан плазмасы 90% құрамы:

- A) Қан
- B) Су
- C) Лимфалық сұйықтық
- D) Тұздар
- E) Глюкоза

32. Ағзада иммунитеттің рөлін атқарады:

- A) Эритроциттер
- B) Тромбоциттер

- C) Лейкоциттер
- D) Плазма
- E) Фибриноген

33. Өсімдіктердегі фитофтороз ауруын келесілер тудырады:

- A) Вирустар
- B) Бактериялар
- C) Ішек таяқшасы
- D) Паразит саңырауқұлақтар
- E) Қарапайымдылар

34. Артериялар қанды келесідей тасымалдайды:

- A) Жүрекке
- B) Жүректен
- C) Жүрекшеден
- D) Қолқаға
- E) Капиллярдан

35. Адам ағзасындағы бұлшықет саны:

- A) 100 бұлшықет
- B) 500-ден аз бұлшықет
- C) 400 бұлшықет
- D) 600-ден аса бұлшықет
- E) 200-ге жуық бұлшықет

36. Гипофиз гормоны:

- A) Тироксин
- B) Инсулин
- C) Глюкагон
- D) Соматотропин
- E) Паратгормон

37. Ұрықтанбаған жұмыртқадан эмбрионның дамуы:

- A) Гермафродитизм
- B) Бүршіктену
- C) Бөліну
- D) Партеногенез
- E) Фрагментация

38. Продуценттерге жатпайтындар:

- A) Шөп
- B) Қайың, емен

- C) Саңырауқұлақтар, кірпікшелілер
- D) Балдырлар
- E) Мүктер, қырыққұлақтар

39. Бір түр пайда көретін, ал екіншісі не пайда, не залал көрмейтін қарым-қатынас:

- A) Симбиоз
- B) Бәсекелестік
- C) Кооперация
- D) Мутуализм
- E) Комменсализм

40. Ағзада тым аз тироксин өндірілсе, жеген тағамның көп бөлігі қорға айналады. Нәтижесінде ағзада ауру пайда болады

- A) Базедов ауруы
- B) Жемсау (зоб) ауруы
- C) Микседема
- D) Ергежейлілік
- E) Акромегалия

3 Деңгей-күрделі

41. Нейронның көмекші спутниктік жасушалары:

- A) Нейроглия
- B) Дендрит
- C) Аксон
- D) Сұр зат
- E) Миоцит

42. Редуценттерге келесілер жатады:

- A) Дәнді дақылдар
- B) Шөпқоректілер
- C) Паразиттер
- D) Бактериялар
- E) Вирустар

43. Парник газдарына жатпайды:

- A) Көмірқышқыл газы
- B) Азот оксиді
- C) Метан
- D) Гидрофторкөміртегі
- E) Хлор

44. Озон қабатының бұзылуына көп үлес қосатындар:

- A) Метан
- B) Фреондар
- C) CO₂
- D) HFC
- E) SF

45. XX ғасырдың 30-40жж кең таралған пестицид:

- A) Мирекс
- B) Эндрин
- C) Токсафен
- D) ДДТ
- E) Гептахлор

46. Пострепродуктивті популяция болып саналады:

- A) Қартайған дарақтар
- B) Жас дарақтар
- C) Орта жастағы дарақтар

- D) Жана туылған дарақтар
- E) Репродуктивті дарақтар

47. Экспоненциалды өсу келесілерге тән:

- A) Шөпқоректілер
- B) Жыртқыштар
- C) Бактериялар
- D) Акулалар
- E) Пілдер

48. К-стратегиялық өмір сүретіндерге жатады:

- A) Тасбақалар
- B) Балдырлар
- C) Балықтар
- D) Шегірткелер
- E) Қасқырлар

49. Орташа алғанда бір трофикалық деңгейден екінші трофикалық деңгейге ауысатын энергия мөлшері:

- A) 1% энергия
- B) 3% энергия
- C) 10% энергия
- D) 25 % энергия
- E) 90% энергия

50. Минералокортикоидтар келесіні реттейді:

- A) Натрий, калий, су және тұздардың алмасуы
- B) Оттегі мен көміртегі алмасуы
- C) Су, оттегі және азот алмасуы
- D) Майлар мен липидтердің алмасуы
- E) Ақуыз көмірсу алмасуы

51. Үлкен ми сыңарларының астында орналасқан:

- A) Гипофиз
- B) Жұлын
- C) Мишық
- D) Аралық ми
- E) Сопақша ми

52. Мейоз – көбею әдісі, бір аналық жасушадан келесі пайда болады:

- A) 2 жасуша
- B) 3 жасуша

- C) 4 жасуша
- D) 5 жасуша
- E) 6 жасуша

53. Ересек ағзаның денесі жеке бөліктерге бөлінген кездегі көбею әдісі:

- A) Митоз
- B) Бүршіктену
- C) Стробилиция
- D) Партеногенез
- E) Гермафродитизм

54. Таяқша тәрізді бактериялар:

- A) Спириллалар
- B) Спирохеттер
- C) Кокктар
- D) Бациллалар
- E) Диплококктар

55. Бактериялық ауруларға жатпайды:

- A) Тырысқақ
- B) Сібір жарасы
- C) Ботулизм
- D) Қызамық
- E) Сіреспе

56. Споралы өсімдіктер жатады:

- A) Жабық тұқымдастар
- B) Ашық тұқымдастар
- C) Қылқан жапырақты ағаштар
- D) Папоротниктер
- E) Балдырлар

57. Егер тамырларда майлы түйіндердің орнына қан ұйығы пайда болса, бұл ауру келесідей аталады:

- A) Инфаркт
- B) Тахикардия
- C) Тромбоз
- D) Лейкоз
- E) Инсульт

58. Витамин B2 басқаша былай аталады:

- A) Тиамин

- В) Пиридоксин
- С) Рибофлавин
- Д) Ретинол
- Е) Ниацин

59. Жасушааралық кеңістікте, теріде және басқа органдарда белсенді фагоцитозды жүзеге асырады:

- А) Лимфоциттер
- В) Моноциттер
- С) Базофилдер
- Д) Эозинофилдер
- Е) Нейтрофилдер

60. І-ші реттік консументтер:

- А) Шөпқоректілер
- В) Етқоректілер
- С) Деструкторлар
- Д) Жыртқыштар
- Е) Паразиттер